

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

10 көлеміндегі сандарды қосу, азайту

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.05.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/73052/>**ФИО:** Балхибекова Жадыра Елубаевна**Қала:** Шымкент қаласы**Мектеп:** Шымкент қаласы білім басқармасы «Қосалқы мектеп-интернаты»
комуналдық мемлекеттік мекемесі**Қызметі:** мұғалім-дефектолог**Тақырыбы:** 10 көлеміндегі сандарды қосу, азайту.**Мақсаты:****Білімділік:** Оқушылардың өздігінен жұмыс істей отырып, өткенді қайталау, білімін тиянақтау, қосу мен алу амалдары туралы білім мен білігін жүйелеу. Есеп шығару, есептеу дағдысын қалыптастыру және өздігінен жұмыс істеуге баулу.**Дамытушылық:** Оқушылардың ойлау қабілетін, есте сақтауын, логикалық ой-өрісін, пәнге қызығушылығын және ауызша есептеу дағдысын және математикалық тілде дұрыс сөйлей білу қабілетін дамыту.**Тәрбиелік:** Алғырлыққа, тиянақтылыққа және бір-біріне деген бауырмашылдыққа тәрбиелеу.**Көрнекілік:** Сандар, карточкалар және математикалық құрастырғыштар.**Сабақ түрі:** Аралас.**Сабақ әдісі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, қайталау.**Сабақ барысы:****I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Оқушылармен сәлемдесіп, орындарына отырғызу. Оқушыларды түгелдеу.

— Қазір жылдың қай мезгілі?

— Қазір қай ай?

— Бүгін аптаның қай күні?

1. Үй тапсырмасын тексеру.

5 санының көбейту кестесін еске түсіріп, қайталату.

III. Кіріспе.

Жаңа сабақ:

— Балалар, бүгінгі жаңа сабақта 10 көлеміндегі сандарды қосып, алу амалдарын пайдалана отырып, есептер шығарамыз. Ол үшін алдымен 1-ден 10-ға дейінгі сандарды және 1-ден 20-ға дейінгі сандарды тура, кері санайықшы. (әр оқушыға деңгейіне қарай)

Мына таңбаларды кім айтады?(+ ; - ; =)

— Дұрыс айтасыңдар, қосу, азайту және тең. Осы амалдарды пайдалана отырып есептер шығарайық.

1. Тапсырма: III-топ оқушыларына арналған есептер:

(Тақтада шығару жолын көрсету)

$2+7=$ $15-8=$ $4+7=$

$10-8=$ $20-10=$ $16-6=$

$4-1=$ $7+5=$ $8+3=$

$3+6=$ $6+4=$ $13-7=$

2. Тапсырма: IV-топ оқушыларына арналған дидактикалық ойын:

«

Жоғалған сан »

Сандардың көршісін табу (кубиктермен).

1-ден 10-ға дейінгі сандар бойынша ретімен тұрады, балалар көршілерін табады.

3. Тапсырма: IV-топ оқушыларына арналған суретті есептер:

A)

B)

B)

Сергіту сәті:

Қостық біз, алдық біз,

Қатты шаршап кеттік біз.

Қане, тұра қалайық,

Қимылдасын қол-аяқ,

Кірпікті де қағайық, терең демді алайық,

Орнымызға отырып,

Сабаққа назар салайық.

IV.Сабақты бекіту: Математикалық жұмбақ:

А) Мықты санмын орақпын,

Ең жақсы бағамын. **(5)**

Б) Оң қолымда 2 алма, сол қолымда 3 алма. Қане, бәрін қосқанда болады екен неше алма? **(5)**

V.Сабақты қорыту: Логикалық есептер:

А) 2 қоянда неше құлақ?

Б) 2 тауықта неше аяқ?

В) 1 қойда неше аяқ бар?

VI .Сабақты бағалау: Әр оқушыны сабаққа қатысуына және жауаптарына қарай мадақтап, марапаттап бағалау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.